





*Сыр өңіріне аты мәлім Торғай датқа мен би, болыс Шоқайдың шаңырағында дүниеге келген, тәрбиенің темірқазығы – отбасындағы ұлттық өнегені еркін көріп өскен, сол кездегі Қазақстанның оңтүстігіне аты мәлім Перовск училищесі мен Ташкенттің сегіз жылдық ерлер гимназиясын бітірген, бас аяғы 6-7 жыл, арасында Императорлық Санкт-Петербург университетіндегі оқуы бар Ресейдің орталығында болып, берісі Ресейдің, арысы Батыстың білім бұлағынан сусындаған, шынайы саяси әлеуметтік өмірде шыңдалған, жиырма жылдан астам рахатынан қиыншылығы мол шет елде, жат жерде болып, саяси қызмет үстінде сан түрлі талай қайраткерлермен қарым-қатынасқа түсіп, кейде әділеттілік үшін айтысқа да барған, көзбен көргені де, ойға түйгені де мол Мұстафа Шоқай Еуропаның нақ ортасы – Францияда түркі тектес эмигранттардың кемел көсемі ғана емес, түйінді сөздің шешені де болған еді.*

Бұған ұлы тұлғаның Кеңес үкіметінің ұлттық саясаты, Түркістанның азаттығы үшін күрес, тәуелсіздіктің мәні мен мазмұны, оған жетудің амалдары мен жолдары, ұлттық мемлекет құру, қоғамдағы саяси қайраткерлер мен зиялы қауымның орны, оларға қойылатын талап-тілектер, т.б. тақырыптарды қамтыған, жинақтағанда көлемі бір баспа табақтан асып түсетін саяси-әлеуметтік ой тұжырымдары мен нақыл сөздері толық дәлел бола алады.

Талай ғасыр жақын көршілерімен кейде шабысып, кейде табысып келген Ұлы дала тұрғындары ХІХ ғасырдың екінші жартысында түгелдей Ресей империясының ота-рына айналып, еркіндік пен азаттық арман мен қиялға айналды. Содан ХVІІІ ғасырдан басталған отарлық саясатқа қарсы талай халықты соңына ерткен көтерілістер мен түрлі қозғалыстар болды. Бірақ олардың ешқайсысы азаттық үшін күрестің амал-тәсілдері мен түпкі мақсатын айқындай алмады. Тек ХХ ғасырдың басында саяси сахнаға шыққан Алаш ұлт-азаттық қозғалысы ғана отарлық жағдайда қалыптасқан саяси-әлеуметтік мәселелерді шешуге ұмтылып, қолданысқа «азаттық», «автономия» «большевиктік саясат», «Кеңес үкіметінің «ұлттық саясаты», «тәуелсіздік», «ұлттық мемлекет», саяси қайраткерлер, зия-лы қауым, ұлтшылдық, шовинизм т.б. толып жатқан терминдерді өмірге әкелді. Осыларға байланысты Алаш қозғалысы оңтүстік қанатының жетекшісі Мұстафа Шоқайдың келелі кеңестері мен ой-тұжырымдары туралы пікірлерімізді ортаға салып отырмыз. Бұған 1929 жылдың желтоқсан айынан шығып, 1939 жылдың қыркүйегінде тоқтаған, Польшаның басшысы, маршал Иосиф Пилсудский тарапынан құрылған «Прометей» қоры қаржыландырған «Яш Түркістан» журналында жарияланған түрік-шағатай тілінен қазақшаға аударылған еңбектер негіз болды.

1917 жылғы Ақпан революциясы Ресейдің басқа ұлттық шет аймақтары сияқты қазақ қоғамын да азаттыққа жетеледі. Алайда Алаштықтар отарлық жағдайдан күрестің шектеулілігін жақсы түсініп, автономияға ұмтылды. Бірер мысал келтіре кетелік. Петербург университетінің заң факультетін 1914 жылы бітіріп, Әлихан Бөкейханның қолдауымен әрі тапсырмасымен Орталықта қызметте жүрген Мұстафа Шоқай 1917 жылғы наурыздың соңғы күндерінде өзін Ташкентке шақыртқан жеделхат алады. Онда өзі Ақмешіттен (қазіргі Қызылорда) сайланған делегат ретінде Ташкент өлкелік атқару комитетінің құрылтайына шақырылған болатын. Содан сәуірдің басында, Петербургтен кетер алдында бұрыннан таныс, сол тұста бүкіл Ресей ауқымында маңызды рөл атқарған Петербург жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің төрағасы Николай Семенович Чхеидземен кездесуге барады. Ол өзінің немен айналысып жүргендерін сұрағанда Мұстафа Шоқай Түркістанның автономиясына әзірлік жасап жатырмыз деуі төркінді жауап болатын. Бұл жалпы Алаш қозғалысының ұстанымы еді. Кейін Түркістан автономиясы туралы мәселе талқыланған кезде де басшы топ арасында пікірталасын туғызған еді. Мәселені терең түсінген, Алаш ұстанымын берік сақтаған Мұстафа Шоқай: «Сіздер бірден толыққанды мемлекет құрғыларыңыз келеді. Ал ол үшін бізде адам жоқ, тәжірибе жоқ, мүмкіндік жоқ, әскер жоқ. Ресей қаншалықты құлдырау кезеңінде десек те, бізден әлдеқайда күшті. Сіздер келешегімізді ойлайсыздар ма? Жариялай салу оңай, алайда біздің жағдайда оны сақтап қалу өте қиын»

деуге мәжбүр болды [1,220 б.]. 1917 жылдың 21 қарашасында «Қазақ» газетінде жарияланған «Алаш» партиясының программасының жобасының бірінші бабындағы «Федеративная республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді» деп жазылуы да жайдан-жай емес еді [2].

Мұндай мемлекеттер Ұлы дала төсінде және Қоқанда орнады. Алайда Алашорда үкіметі екі жарым жыл, Орта Азиядағы тұңғыш мемлекет Түркістан Мұқтарияты алпыс төрт күн ғана өмір сүрді. Большевиктер Қоқан қаласын күлге айналдырды. Сол себепті Мұстафа Шоқай эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. Францияда жүріп, өткенді саяси сарапқа сала отырып: «Желтоқсан естеліктері» атты еңбегінде ол: «Автономия біздің басымыздан өткен бір үзік ғұмырымыз. Ол – біздің орыс төңкерісіне, орыс демократиясына сенген аңғал дәуірімізден қалған бір белгі» деп жазды [3, 287 б.]. Алайда сол кездің өзінде автономияның Түркістан ұлттық бірлігінің нағыз формасын бере білгендігі туралы да жазылған болатын. Сол себепті мұны тағы да атап көрсетіп, алдағы мақсатқа жол сілтеді: «Бұл күнде Қоқан автономиясымен рухани сабақтастық дегеніміз – Қоқан автономиясы тұсында бой көрсеткен, қалыптасқан Түркістан ұлттық бірлігін қайтадан жаңғырту, нығайту болып табылады» [4, 275б.].

Большевиктер Қазан төңкерісінің алдында, яғни билік басына келерден бұрын бүкіл Ресей халқын, оның ішінде мұсылмандарын да өз ұстанымдарына тарту үшін түрлі мазмұнда талай ұрандар тастағаны белгілі. Бірақ екіжүзділік жөргегінде дүниеге келген, басқаны ысырып, өзі билік тұтқасын берік ұстаған большевиктер енді саяси сахнаға шығысымен-ақ бұл ұстанымынан айныды. Осымен байланысты Мұстафа Шоқай «Түркістандағы жергіліктендіру қандай мазмұндарды қамтиды» атты еңбегінде: «Большевиктер іс басына келер алдында (17.XI.1917) бүкіл Ресей мұсылмандарына және түркістандықтарға өз қалауы бойынша өздерін басқару деген сарында үгіт-насихат жүргізді. Алайда «қызыл сөздерге боялған» мұндай үгіт-насихаттың нәтижесі іс жүзінде «орыстың ұлттық рухына негізделген пролетариат диктатурасынан басқа ештеңе де болмай шықты...» деп жазды [3,39б.].

Мұстафа Шоқай большевиктердің мұндай өз саясатын тұрақты өзгертіп, «жетілдіріп» отыратынын әсте назардан тыс қалдырмаған. Бұл олардың жұмыс стилі екенін жақсы білген. Сол себепті де: «Аз да болса ойлау қабілеті бар және адамдық қадыр-қасиетін жоғалтпаған әрбір адам өз халқының тағдыры хақында бас қатырмастан, орыс найзасының ұшымен жүргізіліп жатқан «екі беткей» ұлттық саясаттың ырқында кете бермейді. Ресейде бұрынғы патшалық орыстар, қазіргі қызыл большевик орыстар тарапынан жүргізіліп келген және жүргізіліп